

"Ақсу ауданы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы" Ақсу аудандық мәслихатының 2024 жылғы 14 наурыздағы № 25-112 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Жетісу облысы Ақсу аудандық мәслихатының 2026 жылғы 27 ақпандағы № 65-275 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылы 12 наурызда № 38136 болып тіркелді

Ескерту. 01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі - осы шешімнің 2-тармағымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабына және "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 27-бабына сәйкес Ақсу аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Ақсу ауданы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы" Ақсу аудандық мәслихатының 2024 жылғы 14 наурыздағы № 25-112 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №177-19 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Ақсу аудандық мәслихатының төрағасы

Б. Сулейменов